



## Бұланды ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 5С-26/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 мамырда № 4179 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 желтоқсандағы № 6С-8/5 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 23.12.2016 № 6С-8/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес, Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бұланды ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс 26-сессияның  
төрағасы*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы*

*А.Алдабергенов*

*Ш.Құсайынов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Бұланды ауданының әкімі*

*М.Балпан*

Бұланды аудандық мәслихаттың  
2014 жылғы 11 сәуірдегі № 5С-26/2  
(шешімімен бекітілген)

## **Бұланды ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары**

Ескерту. Қағидалардың бүкіл мәтінінде мемлекеттік тілде "селолық" деген сөз алынып тасталды – Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.08.2016 № 6С-5/6 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Бұланды ауданының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Бұланды ауданының ауылдардың, ауылдық округтердің аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Бұланды ауданының Макинск қаласының, ауылдық округтердің аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

### **2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі**

3. Бөлек жиынды Макинск қаласының, ауылдық округтің әкімі шақырады. Бұланды ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда, бөлек жиынды өткізуге болады.
4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы аудандық "Вести Бұланды жаршысы" және "Бұланды таңы" газеттері арқылы олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.
5. Ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді Макинск қаласының, ауылдық округтің әкімі ұйымдастырады.
6. Бөлек жиынды ашудың алдында тиісті ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.
7. Бөлек жиынды Макинск қаласының, ауылдық округ әкімі немесе ол

уәкілеттік берген тұлға ашады.

Макинск қаласының, ауылдық округ әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Макинск қаласының, ауылдық округтің аумағындағы ауылдың, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй сайлаушыларының жалпы санының 1 % мөлшерінде ұсынады. Жергілікті қоғамдастық жиыны мен жергілікті қоғамдастық жиналысына кәмелетке толмаған адамдардың, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған адамдардың, сондай-ақ сот үкімімен бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың қатысуға құқығы жоқ.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауыл, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Макинск қаласының, ауылдық округ әкімінің аппаратына береді.